



**"Ақпаратты техникалық қорғау орталығы" мемлекеттік мекемесінің мемлекеттік қызметші емес қызметкерлері үшін мамандығы бойынша жұмыс стажын есептеу ережесін бекіту туралы**

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі агенттігінің 2002 жылғы 12 наурыздағы N 11 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2002 жылғы 21 наурызда тіркелді. Тіркеу N 1801.

"Мемлекеттік мекемелердің мемлекеттік қызметші емес қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 қаңтардағы N 41 P020041\_ қаулысын іске асыру және "Ақпаратты техникалық қорғау орталығы" мемлекеттік мекемесі қызметкерлері үшін жұмыс стажын есептеуде бірыңғайлыққа келу мақсатында БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған "Ақпаратты техникалық қорғау орталығы" мемлекеттік мекемесінің мемлекеттік қызметші емес қызметкерлері үшін мамандығы бойынша жұмыс стажын есептеу ережесі бекітілсін.

2. Агенттіктің ұйымдастыру-құқықтық басқармасы заңнамада белгіленген

тәртіппен осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуге ұсынсын.

3. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және 2002 жылдың 1 қаңтарынан бергі қатынастарға қолданылады.

Агенттік төрағасының  
міндетін атқарушы

КЕЛІСІЛДІ	Қазақстан Республикасының
Қазақстан Республикасының	Мемлекеттік құпияларды қорғау
Еңбек және халықты әлеуметтік	жөніндегі агенттігі төрағасының
қорғау министрлігі	2002 жылғы 12 наурыз
	N 11 бұйрығымен
	БЕКІТІЛДІ

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі агенттігінің "Ақпаратты техникалық қорғау орталығы" мемлекеттік

мекемесінің мемлекеттік қызметші емес қызметкерлерінің  
мамандығы бойынша жұмыс стажын есептеу  
ЕРЕЖЕСІ

1. Осы Ереже "Мемлекеттік мекемелердің мемлекеттік қызметші емес қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 қаңтардағы N 41 қаулысына сәйкес әзірленді және "Ақпаратты техникалық қорғау орталығы" мемлекеттік мекемесінің барлық қызмет түрлері үшін ортақ лауазымдардағы қызметкерлерді қоса алғанда мемлекеттік қызметші емес қызметкерлерінің жұмыс стажын есептеу тәртібі мен шарттарын реттейді.

2. Мамандығы бойынша жұмыс стажына мемлекеттік мекемелердегі инженерлік-техникалық мамандықтар бойынша лауазымдардағы және ұйымдастыру-құқықтық нысанына қарамастан басқа ұйымдардағы барлық жұмыс уақыты есептеледі, сондай-ақ:

- 1) сондай мамандықтар бойынша мемлекеттік қызметтегі;
- 2) теріс себептермен қызметтен шығарылған адамдардан басқа, офицерлік құрамдағы адамдардың, прапорщиктердің, мичмандардың, Қарулы күштердегі мерзімсіз қызметтегі әскери қызметшілердің, ішкі, шекара әскерлерінде, сондай-ақ интернационалдық борышын орындаған, соның ішінде әскерикомиссариаттан анықтамасы болған жағдайда әскери қызметшілердің тұтқында болған Қазақстан Республикасы мен бұрынғы КСР Одағының азаматтық қорғаныс басқармалары органдары мен бөлімшелерінде, Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті мен КСРО Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті органдары жүйесінде, Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметінде және Қазақстан Республикасының Республикалық ұланында міндетті әскери қызметін өткерген;
- 3) теріс себептермен қызметтен шығарылған адамдардан басқа, басшы құрамдағы адамдардың ішкі істер жүйесіндегі қызмет, прокуратура органдарындағы қызмет, Қазақстан Республикасы мен бұрынғы КСР Одағының сот аппараттарында, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тергеу комитетінде жұмыс істеген;
- 4) Қазақстан Республикасы мен бұрынғы КСР Одағының ішкі істер органдарында, КСРО-ның мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің органдарында, Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдары мен бұрынғы Мемлекеттік тергеу комитетінде еңбек сіңірген жылдарына үстемеақы алу құқығын беретін лауазымдарда жұмыс істеген;
- 5) жүктілік пен бала туу жөніндегі демалыс, сондай-ақ заңнамаға сәйкес берілген бала күту жөніндегі жалақысы сақталмайтын қосымша демалыс;

6) кадрларды даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру курстарында мемлекеттік мекеме жолдамасымен жұмыстан қол үзіп оқыған;

7) ұйымдарда мемлекеттік органдардағы мамандықтармен бірдей мамандықтар бойынша қызметтерде кейінгі жұмыс істеген уақыты кіреді.

3. Осы Ережеге сәйкес мамандық бойынша есептелетін жұмыс стажы күнтізбелік есептеуде ескеріледі.

4. Күнтізбелік ай ішінде лауазымдық жалақысын көбейту құқығы туындаған қызметкерлерге, стажын ескере отырып, лауазымдық жалақысын есептеу осындай құқық туындаған күннен бастап жүзеге асырылады.

5. Мамандығы бойынша жұмыс стажын, құрамын Агенттік төрағасы

бекітетін еңбек стажын белгілеу жөніндегі комиссия айқындайды.

6. Мамандығы бойынша жұмыс стажын белгілеу туралы комиссияның шешімі хаттамамен ресімделеді. Шешімнен үзінділер екі данада жасалады және: бір данасы - кадр қызметіне, екіншісі - бухгалтерияға беріледі.

7. Еңбек кітапшасы (ол бар болғанда) немесе жеке еңбек шарты не жұмысқа қабылдау мен жұмыстан босату туралы бұйрықтардан үзінділер мамандығы бойынша жұмыс стажын есептеу үшін қызметкердің еңбек қызметін растайтын құжаттар болып табылады.

Мамандар:

Омарбекова А.Т.

Икебаева Ә.Ж.